



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)
ББК 74.58
Қ 22

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

Хуснутдинова Ляйля Гельсовна, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

Сухов Михаил Васильевич, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

Радченко Татьяна Александровна, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Алимбаев Алибек Алпысбаевич, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Телегина Оксана Станиславовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Шумейко Татьяна Степановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

4. Фридман Л.М. Психопедагогика общего образования: Пособие для студентов и учителей. М., 1997.
5. Гагарин А. В. Психология и педагогика высшей школы : учебно-методический комплекс : метод, материалы, курс лекций, рабочие тетради, тесты / А. В. Гагарин ; под общ. ред. А. А. Деркача. - М. :РАГС,2007.-286с.
6. Для подготовки данной работы были использованы материалы с сайта <http://www.elitarium.ru/>;
7. материалы с сайта <http://psy.piter.com/>;

ӘОЖ 37.014:316.446

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ ӘСЕРІ

Раимбаева Жанат Сапабековна, педагогикалық ғылымдар кандидаты, Назарбаев зияткерлік мектебі мұғалім-модераторы, Қызылорда қ., Қазақстан, E-mail: Raimbayeva_Zh@kzlnis.edu.kz

Толегенова Венера Асылхановна, Назарбаев зияткерлік мектебі мұғалім-модераторы, Қызылорда қ., Қазақстан, E-mail: Tolegenova_V@kzlnis.edu.kz

Қыстаубаева Гүлмира Фермебекқызы, Назарбаев зияткерлік мектебі мұғалім-сарапшысы, Қызылорда қ., Қазақстан, E-mail: Kystaubayeva_G@kzlnis.edu.kz

Аңдатпа

Бұл мақала білім сапасын арттыру мақсатында физика сабағында оқушылардың жұптық жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселесін зерттеуге арналған.

Бұл мәселенің әртүрлі аспектілерін талдау зерттеу мәселесін тұжырымдауға мүмкіндік берді: оқушылардың гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, жұптық жұмысын ұйымдастыру білім сапасына әсер ете ме?

Бұл мәселені шешу үшін негізгі мектеп оқушылары арасында олардың әрқайсысының оқу үлгеріміне гендерлік білімнің әсерін байқау үшін эксперимент жүргізу міндеті қойылды.

Түйінді сөздер: жұптық жұмыс, жұптық жұмысты ұйымдастыру тиімділігі, гендер, гендерлік ерекшеліктердің әсері.

Аннотация

Данная статья посвящена исследованию проблемы эффективной организации парной работы учащихся на уроках физики в целях повышения качества знаний.

Анализ различных аспектов данной проблемы позволил сформулировать вопрос исследования: влияет ли на качество обучения организация работы учащихся в парах с учетом их гендерных различий?

Для решения данного вопроса была поставлена задача: провести эксперимент среди учащихся основной школы для наблюдения за влиянием гендерного обучения на академическую успеваемость каждого из них.

Ключевые слова: парная работа, организация работы а парах, гендер, влияние гендерных различий.

Abstract

This article is devoted to the study of the problem of effective organization of pair work of students in physics lessons in order to improve the quality of knowledge.

An analysis of various aspects of this problem made it possible to formulate a research question: does the organization of work of students in pairs, taking into account their gender differences, affect the quality of education?

To solve this issue, the task was set: to conduct an experiment among students of the main school to observe the influence of gender education on the academic performance of each of them.

Keywords: pair work, organization of work in pairs, gender, the impact of gender differences

Жұптық жұмыс – оқу процесін ұйымдастырудың ең қолайлы түрлерінің бірі, оның мақсаты тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру болып табылады. Ол екі оқушының тапсырманы орындауда өзара қарым-қатынаста әрекеттесе отырып, ортақ қорытынды жасауға бағытталған мәселені шеше алады.

Оқушылардың жұптық жұмысының артықшылықтарының ішінде мұғалімдер келесі жайттарды атап өтеді:

- қатысушылар бірін-бірі тыңдау арқылы білім алады, яғни оқушылар өзара келісімге келе отырып, сындарлы қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді;
- оқушыларды бір-біріне көмектесуге және қолдауға шақыратын ынтымақтастыққа баса назар аударылады;
- оқушыларды зейінін шоғырландыруға және тапсырманы орындауда белсендірек қатысуға мәжбүрлейді;
- мотивацияны арттырады;
- оқушылар жұппен жұмыс істегенде психологиялық кедергіні жоя отырып, жайлы оқу атмосферасы құрылады;
- жауапкершілік сезімі артады.

Ал кемшілік ретінде көбіне кейбір оқушылардың бір-бірімен жұмыс жасауға құлқының жоқтығы және барлық оқушылардың оқу үдерісін бірден бақылай алмау қиындығын көрсетеді.

Оқушылардың жұптық жұмыс жасауы оқу материалын тереңірек меңгеруге ықпал етеді: оқушылар берілген тапсырманы өзара талқылай отырып, оны жақсы игереді. Сонымен қатар, жұптық жұмыс оқу процесіне қызығушылықтың тууына, нәтижеге ғана емес, сонымен қатар оқу процесіне қанағаттану сезімінің пайда болуына ықпал етуі керек. Сонымен, жұптастырылған оқыту арқылы педагогиканың ең маңызды қағидасын жүзеге асыруға тамаша мүмкіндік туады: «Өзгені оқыту арқылы өзім үйренемін».

Сонда сұрақ туындайды: жұптық оқытуда осы принципті жүзеге асыруға қалай тиімдірек қол жеткізуге болады? Мысалы, гендерлік айырмашылықтарды ескеру жұппен жұмыс істеудің тиімділігіне әсер ете ала ма?

Соңғы сұрақты қоя отырып, біз авторлардың көптеген әртүрлі зерттеулерін талдадық, атап айтқанда: физика сабағында оқушылардың жұптық жұмысына қатысты зерттеулер, олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады.

Baran, M. (1) зерттеуінің мақсаты жоғары сынып оқушыларының физикаға деген қызығушылығын және жынысына байланысты олардың қызығушылығына әсер ететін факторлардың өзгеруін анықтау болды. Сараптама қорытындысы бойынша қыздар мен ұлдардың физикаға деген жеке қызығушылықтары арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екені анықталды. Дегенмен, қыздарға қарағанда ұлдар физикадағы өзгерістерді жақсы білетіні анықталды. Сонымен қатар, болашақ мансабын жоспарлауда қыздарға қарағанда ұлдар физикаға көбірек қызығушылық танытты. Мазмұнды талдау нәтижелері ұлдар мен қыздардың көзқарастарының айқын ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтады.

Abraham, J., Barker, K. (2) жүргізген зерттеу Жаңа Оңтүстік Уэльстегі орта мектептің физиканы тереңдетіп оқуды таңдаған оқушыларының қызығушылығы, мен сабаққа тұрақты қатысуы және оқуға түсу жоспарындағы гендерлік айырмашылықтарды зерттейді.

Талдау көрсеткендей, қыздар мен ұлдардың болашақ физика мамандығын таңдауға деген ынтасы, сабаққа қатысу тұрақтылығы мен ұмтылысы сапалық жағынан бірдей болып көрінді. Бірақ бұл физика пәнінің негізгі мектеп бағдарламасының мазмұнына сәйкес келмесе де, ұлдар мен қыздардың ынта деңгейінде айырмашылықтар болды.

Сондай-ақ оқу үдерісі барысында қыздардың физикаға деген қызығушылығы, сабаққа жүйелі түрде қатысуы және оқуға түсу жоспарлары әр уақытта олардың ер балалармен бірдей немесе тіпті жоғары болғанын көрсетті. Алынған нәтижелер гендерлік стереотиптерді өзгерту қажеттілігіне әкеледі және өз кезегінде оқушылардың физикаға деген қызығушылығын қолдауға бағытталған теңдік стратегиясын әзірлеуге ықпал етеді.

Ding, N., Harskamp, E. (3) зерттеуі Шанхайдағы гендерлік аралас білім беретін екі орта мектепте оқушылардың өзара араласып және бірлескен мәселелерді шешуінің олардың оқу жетістіктеріне әсерін зерттеді. Оқушылар жұптасып, үш оқу тобы құралды: аралас гендер тобы (ҰҚ), қыздар/қыздар тобы (ҚҚ) және ұлдар/ұлдар тобы (ҰҰ). Талдау көрсеткендей, топтағы (ҚҚ) қыздар аралас гендерлік топқа (ҰҚ) қарағанда физика есептерін тиімдірек шешкен.

Сонымен, жоғарыда аталған және басқа да зерттеулердің нәтижелерін (4, 5, 6, 7, 8) талдай келе, зерттеу мәселесін нақты тұжырымдадық: оқушылардың гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, жұптық жұмысты ұйымдастыру білім сапасына әсер ете ме?

Экспериментке Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушыларының 4 тобын (әр топта орта есеппен 9-10 оқушыдан) таңдап, олардың әрқайсысының оқу үлгеріміне гендерлік білімнің әсерін бақылау үшін алдық.

Эксперимент барысында гендерлік жұпта оқушылардың жұмысын ұйымдастырумен физикадан 5 сабақ өткізілді. Айта кету керек, эксперимент басында кейбір жұптар өте өнімді жұмыс істеп, қалыптастырушы жұмыстарына сәйкес баға алды. Дегенмен, бір-бірімен араласпай, негізгі жұмысты бір ғана оқушы атқаратын жұптар да болды. Мұндай жұптар кейін таратылып, жаңа гендерлік жұптар пайда болды.

Зерттеу жұмысымыздың басында студенттердің гендерлік жұпта жұмыс істеу туралы пікірін білу үшін сауалнама жүргізу жоспарланған болатын; сонымен қатар зерттеуге дейін бір сауалнама,

кейін екінші сауалнама жүргізу жоспарланған болатын. Төменде 1 және 2 сауалнама сұрақтары берілген.

1-сауалнама мен 2-сауалнаманың талдауы оқушылардың гендерлік жұпта жұмыс істеуде күтілетін нәтижені қанағаттандыратындай, яғни оның нақты тиімділігін көрсететін айтарлықтай айырмашылықтарды анықтаған жоқ.

Осылайша, респонденттердің 62,5%-ы бастапқыда күткендей, кіммен (ұл немесе қыз) болмасын, жұппен жұмыс істеу оларға ыңғайлы деп жауап берді. Айта кету керек, респонденттердің 12%-ы негізінен сабақта жеке жұмыс істеуді қалайды.

Оқушылардың 50%-ы гендерлік айырмашылықтары бар жұптық жұмыстың әдеттегі жұптық жұмыспен салыстырғанда ерекше артықшылығын (3-ші сұрақ) атап көрсетпеді, ал 37,5%-ы көбірек қызығушылық танытқанын атап өтті, сондай-ақ «көзқарастары әртүрлі, ой-өрісін кеңейтеді» - 27% және «басқа адам туралы көбірек білу» – 9,5% болды.

Гендерлік айырмашылықтары бар жұппен жұмыс істеудің кемшіліктері туралы 4-ші сұраққа келесі жауаптар берілді: ұялшақтық - 12,5%, басқа жыныстың алдында әлсіз (ақымақ) көрінуден қорқу - 12,5%, қарама-қарсы жыныстың мінез ерекшеліктері - 25%, гендерлік айырмашылықтармен жұптастырылған әрқайсысының әлеуметтік рөлі туралы стереотиптер – 37,5%, кемшіліктер болған жоқ – 12,5%.

Гендерлік айырмашылықтармен жұптық жұмыстың тиімділігі туралы соңғы 5-ші сұрақта респонденттердің 62,5% теріс жауап берді; «әдеттегідей», «ештеңе өзгерген жоқ», «гендер ешқандай рөл атқармайды», «тек жеке қасиеттерге байланысты» деген жауаптар болды.

Респонденттердің 25%-ы гендерлік жұпта жұмысының тиімділігін оң бағалап, «иә, мен жинақы болдым», «жауапкершілігім арта түсті» деген сөздермен сипаттап, ал қалған 12,5%-ы соңғы жауаптарда белгісіздік танытты. **(Қосымша1, Қосымша 2)**

Сонымен, сауалнаманы талдау, сондай-ақ оқушыларды бақылау және олардың сабақтағы қалыптастырушы жұмыстарын (БЖБ, ТЖБ) талдау, мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: оқушылардың жұптық жұмысын олардың гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру олардың білім сапасына ерекше әсер еткен жоқ. Оқушылардың оқу үлгірін арттыру мақсатында физика сабағында жұптық жұмысты тиімді ұйымдастыру мәселесін зерттеу жалғасуда.

Қосымша1

САУАЛНАМА 1

Құрметті дос!

Біздің мақсатымыз – оқушылардың білім алуына және дамуына қолайлы жағдай жасау арқылы білім сапасын арттыру. Сабақта жұптық жұмысты ұйымдастыру туралы сіздің пікіріңізді білу біз үшін өте маңызды. Алдымен зерттеу тақырыбына қысқаша кіріспе оқып шығыңыз және сауалнама сұрақтарына жауап беріңіз. (Мәлімет википедиядан, яғни еркін энциклопедиядан алынған).

Гендерлік айырмашылықтар - әртүрлі жыныстылар арасындағы айырмашылықтар. Әдетте гендерлік айырмашылықтар ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтар ретінде түсіндіріледі. Адамның биологиялық белгілерінің жиынтығын сипаттайтын «жыныс» түсінігінен «гендер» ұғымының айырмашылығы, ол әлеуметтік категория болып табылады.

Гендерлік айырмашылықтар адамдардың мінез-құлқындағы айырмашылықтар ретінде қабылданады, сондықтан дұрыс мағынадағы гендерлік айырмашылықтарға, мысалы, генетика мен физиологиядағы айырмашылықтар кірмейді.

Ғылымда гендерлік айырмашылықтардың бар-жоғы туралы пікірталастар бар. Қазіргі заманғы ғылыми деректер, жалпы алғанда, әртүрлі жыныстардың өкілдері бір-біріне дерлік барлығында дерлік ұқсас екенін көрсетеді, ал гендерлік айырмашылықтар өте аз. Осыған қарамастан, ғылымда да, бұқаралық ақпарат құралдарында да гендерлік айырмашылықтар туралы ақпаратты асыра сілтеу және гендерлік ұқсастықтарды бағаламау немесе жарияламау үрдісі бар.

1. Сіз сабақта қалай жұмыс істегенді қалайсыз?

- жұпта, досыңызбен
- жұпта, күшті сынып оқушысымен
- жұпта, кіммен болса да
- жеке.

2. Сіз гендерлік жұпта жұмыс істеу қаншалықты ыңғайлы болады деп ойлайсыз? 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз _____

3. Сіздің ойыңызша, гендерлік жұпта жұмыс істеудің артықшылықтары қандай? _____

4. Сіздің ойыңызша, гендерлік жұпта жұмыс істеудің қандай кемшіліктері бар?
 - ұялшақтық
 - қарама-қарсы жыныстың алдында әлсіз (ақымақ) болып көрінуден қорқу
 - қарама-қарсы жыныстағы адамның мінез-құлық ерекшеліктері
 - басқа себептер
5. Сіздің гендерлік жұптағы жұмысыңыз әдеттегіден тиімдірек болады деп ойлайсыз ба?
 - иә
 - жоқ
 - білмеймін

Қосымша 2 САУАЛНАМА 2

1. Досыңызбен жұмыс істеу сізге қаншалықты ыңғайлы болды? 5 балдық жүйемен бағалаңыз.
2. Гендерлік жұпта жұмыс істеу сізге қаншалықты ыңғайлы болды? 5 балдық жүйемен бағалаңыз.
3. Гендерлік айырмашылықтармен жұптастырудың пайдасы болды ма? Егер солай болса, ол қалай айқындалды деп ойлайсыз?
4. Гендерлік айырмашылықтармен жұптастырудың кемшіліктері болды ма? Егер солай болса, ол қалай айқындалды деп ойлайсыз?
5. Гендерлік айырмашылықтармен жұптастырылған жұмысыңыз әдеттегіден тиімді болды ма?

Әдебиеттер тізімі:

1. Baran, M. Gender differences in high school students' interests in physics. - Asia-Pacific Forum on Science Learning and Teaching, Volume 17, Issue 1, Article 6 (Jun., 2016).
2. Abraham, J. & Barker, K. Exploring Gender Difference in Motivation, Engagement and Enrolment Behaviour of Senior Secondary Physics Students in New South Wales. - Science Education, 45(1), 59-73 (2015).
3. Ding, N. & Harskamp, E. How Partner Gender Influences Female Students' Problem Solving in Physics Education. - Journal of Science Education and Technology Volume 15, Issue 5, 331-343 (2016).
4. Aytakin, E. & Isiksal-Bostan, M. Middle school students' attitudes towards the use of technology in mathematics lessons: does gender make a difference? - International Journal of Mathematical Education 50(1):1-21 (Oct., 2018).
5. Ян (Мэнди) Данг, Юлей (Гэвин) Чжан и др. Изучение удовлетворенности учащихся и гендерных различий в технологиях смешанного обучения. / Журнал информационных систем образования, июнь 2012, том 34.
6. Taasoobshirazi, G. & Carr, M. Gender Differences in Science: An Expertise Perspective. - Educational Psychology Review 20(2):149-169 (Jun., 2008).
7. Sharma, M. & Bewes, J. Self-Monitoring: Confidence, Academic Achievement and Gender Differences in Physics. - Journal of Learning Design 4(3) (Febr., 2011).
8. Z. Yasemin Kalender, Emily Marshman, Christian D. Schunn, Timothy J. Nokes-Malachand Chandralekha Singh. Large gender differences in physics self-efficacy at equal performance levels: A warning sign? - Conference: 2018 Physics Education Research Conference (Jan., 2019).

УДК 303.052

МЕТОД ПРОЕКТОВ КАК СПОСОБ ИССЛЕДОВАНИЯ И СИСТЕМАТИЗАЦИИ ТВОРЧЕСТВА ПИСАТЕЛЯ

Сайрина Ардак Назымбековна, учитель русского языка и литературы ГКП на ПХВ "Школа-лицей №37 имени Сырбая Мауленова" акимата города Астана, Казахстан, E-mail: ardak.sairina@mail.ru

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты - жоба әдісі арқылы С.Мәуленов шығармаларының ерекшеліктерін қарастыру.